Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасы атынан

2025 жылғы 8 қаңтар Іс № 3115-24-00-2/3181 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.К. Ажакаева,
сот отырысының хатшысы Ж. Әсемнің
қатысуымен ашық сот отырысында Whats App мессенджері арқылы азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ЖК Ли Ю.Ю.» деп аталатын жеке кәсіпкер Ли Юлия Юрьевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Н. Есенкулова
Талап қоюшы өкілі Егізеков Б.М.
жауапкер өкілі Абрамчук С.В.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 10 қыркүйекте «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі» КММ-і мен «ЖК Ли Ю.Ю.» деп аталатын жеке кәсіпкер Ю.Ю.Ли арасында мишеньдер дайындауға № 1551 мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 294 643 теңгеге шарт жасалған (бұдан әрі-Шарт).

Шарттың №1 қосымшасына сай орындау мерзімі Шарт заңды күшіне енгеннен кейін 17 күнтізбелік күн ішінде деп көрсетілген. Шарт қазынашылық мекемеде 2024 жылғы 3 қазанда жасалған күннен бастап санағанда, орындау мерзімі 2024 жылғы 22 қазан болып табылады.

Мемлекеттік сатып алудың веб-порталдағы бекіту журналдағы тараптар арасындағы хат алмасудан анықталғандай, 2024 жылғы 10 қазанда

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі
Тіркеу № 1-24-110/11
20 25 ж. « 15 » қаңтар
Дана

Scanned with CamScanner

талап қоюшы жауапкерге хабарласуды өтінген. Алайда, жауапкер Шартты бұзу туралы хабарламаны алғаннан кейін 2024 жылғы 7 қарашада тауардың үлгілерін бекіту туралы хабарласқан.

2024 жылғы 26 қарашада талап қоюшы Шартты біржақты бұзған.

Талап қоюшы Шартты орындамауына байланысты, жауапкерді жосықсыз қатысушы деп тануды және 10 902 теңге тұрақсыздық айыбы өндіруді сұрады.

Жауапкер талап қоюға берген жазбаша пікірде талап қоюды мойындамайтынын, Шартты орындаудан бас тартпағанын, тауардың үлгілері тапсырыс берушіге келісу үшін жіберілгенін, бірақ олардан жауап болмағанын, №7 мишеньнің көлемі туралы сұрақ туындағанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Б.М. Егізеков талап қоюды қанағаттандыруды өтінді.

Жауапкер өкілі С.В.Абрамчук пікірдегі уәждерін қолдап, тұрақсыздық айыбы төленгенін айтып, жосықсыз деп тану туралы талап қоюды соттың қарауына қалдырды.

Прокурор Н. Есенкулова талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Бірінші талабы бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

АК-нің 360-бабына сәйкес, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Сотта анықталғандай, жауапкер тапсырыс берушімен байланысқа тек Шарттың орындау мерзімі өткеннен кейін шыққан. Оның талап қоюшымен байланысқа шығуға мүмкіндігі болмағаны туралы уәждері сот отырысында өз дәлелін таппады. Сот пікірі бойынша мишеньнің көлемін нақтылау мәселесін жұмыс барысында шешуге болар еді.

Сондықтан талап қоюшының талабы орынды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3- тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Ажакеева Г. К., 15.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.02.2025, сотдья Ажакеева Г. К., 19.02.2025

Scanned with CamScanner

Scanned with CamScanner

алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сондықтан, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға жатады.

Екінші талабы бойынша

Шарттың 8.4 тармағына сай жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн шарттың жалпы орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл ұстайды.

Жауапкер 10 607, 15 теңге тұрақсыздық айыбын төленгені туралы 2024 жылғы 27 қарашадағы № 221 және 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 234 төлем тапсырмаларын сотқа ұсынды.

Жауапкер өз еркімен тұрақсыздық айыбын төлеуіне байланысты, бұл талабы да қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ЖК Ли Ю.Ю.» деп аталатын жеке кәсіпкер Ли Юлия Юрьевнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

«ЖК Ли Ю.Ю.» деп аталатын жеке кәсіпкер Ли Юлия Юрьевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Талап қоюшы «Қазақстан Республиксыа Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ЖК Ли Ю.Ю.» деп аталатын жеке кәсіпкер Ли Юлия Юрьевнаға тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігінде талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

«ЖК Ли Ю.Ю.» деп аталатын жеке кәсіпкер Ли Юлия Юрьевнадан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г. К., 15.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.02.2025, судья Ажакаева Г. К., 19.02.2025

ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ажакаева Г.К.**

Шешім түркілікті нысанда 2024 жылғы 15 қаңтарда әрірленді.

Судья Ажакаева Г.К.

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г. К., 15.01.2025

3115-24-3-1/3379

Заңды күшіне енген күні: 18.02.2025, судья Ажакаева Г. К., 19.02.2025

Scanned with CamScanner